

Дизель отынын әкетуге уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 наурыз N 387

Ел экономикасының мұқтаждары үшін дизель отынының қажетті қорын жасау мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 25 шілдедегі Заңының Z952368_20-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағынан тұрмыста пешке жағылатын отыннан басқа дизель отынын (ТМД СЭҚ ТН коды 2710 00 610 - 2710 00 690) 2001 жылғы 1 маусымға дейін шығаруға тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С. Школьникке жүктелсін.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.